



АЛАТАУ Ардагері



alm_obl_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№30 (92) 25 шілде 2025 жыл

Элеумет

Алматы облысына іссапармен келген «Ауыл» партиясы атынан сайланған Мәжіліс депутаты Аян Зейнуллин Қонаев қалалық кітапханасында партия активімен, қалалық ардагерлер ұйымының мүшелерімен және тұрғындармен кездесу өткізді. Басқосу барысында Аян Талғатұлы сапарының мақсат-міндегіне тоқталып, Парламент қабырғасында қабылданған заңдардың мән-жайын кеңінен түсіндіріп өтті.

Депутатқа бірқатар мәселе ұсынылды



Қонаев қаласының Құрметті азаматы, қалалық ардагерлер ұйымы төрағасының орынбасары Ізтілеу Тойшыбайұлы соңғы жылдары Шенгелді өңірінің диқандары өнімдерін өткізе алмай шығынға батып жүргендіктен, биыл пияз сату бойынша Үкімет тарапынан жоспардың бар-жоғын сұрады. Сонымен бірге Шенгелді алқабы зиянкес жәндіктерден зардап шегіп жатқандықтан нәтижелі көмектің шұғыл қажет екендігін жеткізді. Бұған Мәжіліс депутаты тиісті министрліктерге хат жазып, жауабын «Ауыл» партиясының облыстық филиалы арқылы беретінін мәлімдеді.

Қалалық ақсақалдар кеңесінің мүшесі, партия ардагері Жақан Ахаев елімізде агробанк құру туралы ұсынысын білдірді. Оның айтуынша, ауыл шаруашылығы саласын несиелендіруді екінші деңгейдегі банктер атқаратындықтан, олар беретін несиенің пайыздық мөлшерлемесі шаруалар үшін өте жоғары әрі ауылдағы жылжымайтын мүліктерді кепілге алмайды. Егер елімізде агробанк құрылса, шаруаларға үлкен қолдау болатындығын ортаға салды.

Мәжіліс депутаты АянТалғатұлы бұл ұсыныстың біраз уақыттан бері «Ауыл» партиясы тарапынан қолға алынғанын хабардар ете келе, аталмыш мәселені Мемлекет басшысы мен Үкіметтің қолдап отырғанын, партия тарапынан «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ын «Бәйтерек» қоры мен Ұлттық банктің бақылауынан алып шығып,

атын өзгертіп, жеке банк болса ғана несиелендіру пайызын түсіре алатынын түсіндірді.

Қонаев қалалық ардагерлер кеңесі мен партияның қалалық филиалының төрағасы Базарбай Оралбаев қарьерден тас таситын жүк көліктері айналма жолмен жүрмей, жыл бойы саяжай ішімен өтіп, жолды тоздырып жібергенін айта келіп, ауыр көліктердің жүруіне шектеу қоюға ықпал етуін өтінді.

Еңбекшіқазақ аудандық мәслихатының депутаты Айдар Өлсейітов ауыл шаруашылығы техникаларынан утильборды алып тастау жайлы ұсынысын білдірсе, «Ерекше балалардың ата-аналар одағы» қоғамдық бірлестігінің өкілдері инватаксиге зәру болып отырғанын және кеңсе ғимаратының жоқтығын алға тарта сөйледі. Қойылған сұрақтарға орай жауап берген Аян Зейнуллин бірқатар мәселелер бойынша ҚР Үкіметіне, тиісті министрліктерге, облыстық әкімдікке депутаттық сауал дайындайтынын, олардың жауабын «Ауыл» партиясы облыстық филиалына жолдайтындығын еске салды.

Кездесу соңында АянТалғатұлы партияның жұмысына атсалысып жүрген белсенділерді Алғыс хатпен марапаттап, партия ардагерлері мен аудандық филиал басшыларына, филиал қызметкерлеріне «Ауыл» партиясына – 25 жыл» мерекелік медалін табыс етті.

Заңғар АЛТАЙ.
Қонаев қаласы.

Ауданда

КЕЗДЕСУ БОЛЫП ӨТТІ



Оған аудан ардагерлері, аналар, жастар, құқық қорғау бөлімі, қорғаныс істері бөлімі, прокуратура және ішкі саясат бөлімі өкілдері қатысты. Іс-шараның бет пердесін ардагерлер ұйымы ҚБ Алматы облысы Талғар аудандық филиалының басшысы М.Бекбосынов ашып берді.

«Асыл Ана» ҚБ төрайымы А.Айтуғанова «Жастар тәрбиесі-адамзаттың мәңгілік тақырыбы» жөнінде баяндама жасаса, Талғар ауданы қорғаныс істері бөліміне қарасты құпия бөлімнің бастығы Е.Иманқұловтың жастарды отан сүйгіштікке тәрбиелеу жөніндегі хабарламасы тыңдалды.

Күн тәртібіндегі қаралған мәселелер бойынша Жастар ресурстық орталығының бас маманы М.Сермаханова, Семей полигоны Алматы облысы бойынша ҚБ төрағасы Н.Мұсапиров, Кендала

ауылдық округі ақсақалдар кеңесінің төрағасы Б.Көлбаев, Қоғамдық келісім және Даму орталығының Талғар аудандық филиалының басшысы А.Мұқаметнұр, Талғар аудандық ювинальді полиция аға лейтенанты Ж.Сүйінбаев және басқалары жарссөзге шығып, жастар тәрбиесі туралы өз ойларын ортаға салды.

Кездесу жастар тәрбиесінің өзекті мәселелерін қалай шешуге болатынын, ҚР президенті Қ.К.Тоқаевтың Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде «Адал адам, Адал еңбек, Адал табыс» жолдарын іске асыруда жастардың атқаратын міндетінің зор екенін айқындады. Бала тәрбиесінде отбасының алатын орнының маңыздылығын атап көрсетті.

А.ШӘКЕНҰЛЫ.

Апта жаңалықтары

ПАТРИОТТЫҚ РУХТАҒЫ ІС-ШАРАЛАР

ЖАМБЫЛ

Ағымдағы жылдың 10-шілдесінде Б.Момышұлы атындағы 28237 әскери бөлімінің саптық алаңында «Жастар тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы» атты іс шара ұйымдастырылды.

Шараны Жамбыл аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Батырхан Мендебас ашып, жылы лебізін білдірді. Шараның мақсаты жастарды, сарбаздарды Отан сүйгіштікке, елін, жерін қорғауға, ауыз біршілікке шақыру еді. Осыған байланысты өскелең ұрпақтың қоғамдағы рөлі, олардың жауапкершілігі жайлы кеңінен сөз болды.

Шара барысында «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің басшысы Гүлзира Станкулова Алатау жастары ұйымымен бірлесіп жасаған жұмыстарымен таныстырды. Үлгіртас ауылдық ардагерлер ұйымының төрайымы Гүлшар Асылбекова жастарға ақылын айтып, аналық ақ тілегін жеткізді. Бұдан соң қызметте көзге түскен сарбаздар, жастар алғыс хаттармен марапатталды. «Алатау жастары» ұйымының басшысы Айдын Жүнісов Айдын жиналғандар алдында есеп берді. Кездесу соңында Б.Момышұлы атындағы 28237 әскери бөлімінің сарбаздары Өнұран шырқап, Ту көтеріліп, патриоттық рухты асқақтатты..

ҚАРАСАЙ

Жақында Қарасай ауданының қала, ауылдық округтерінің ардагерлер төрағалары, “Асыл аналар” ұйымының төрайымдары, “Алатау жастары” жастар ұйымының мүшелері аудандық кітапхананың оқу залында “Жастар тәрбиесі - адамзаттың мәңгілік тақырыбы” атты тақырыпта кездесу өткізді.

Кездесудің алғашқы сөзі аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Сағат Мәсімақыновқа берілді. Сағат Мәсімақынов “Жастар тәрбиесі - адамзаттың мәңгілік тақырыбы” атты мәселе бойынша жасаған баяндамасында еліміздің келешегі тәрбиелі, білімді, ұлтжанды жастардың қолында екендігін, олар ертеңгі мұғалім, дәрігер, инженер, саясаткер, ғалым екендігін айтты. Сондықтан әрбір жас буынның білім алып, тәжірибе жинап, қоғамға пайдалы тұлға болып қалыптаса отырып, еліміздің дамуына сүбелі үлес қосатындығына сенім мол екендігіне баяндамашы кеңінен тоқталып өтті.

Содан кейін сөз алған ювиналдық полиция тобының аға инспекторы Айдын Жапарқұлов мектептерде жастармен өткізген «Мен өмірді сүйемін», «Түнгі қала», тағы басқа да акциялар, ата-аналарға, жасөпірімдерге құқықтық тәрбие беруде бұдан басқа да маңызды шара өткізгендіктері туралы әңгімеледі.

Аудандық қорғаныс бөлімінің басшысы Ғайни. Алдабергенов қазіргі таңда әскер жасындағы жастардың әскерге шақырғанда қашқалақтауларының себептеріне тоқталып, жастарға өзінің жұмыс тәжірибесімен бөлісті “Асыл ана» аудандық ұйымының төрайымы Ұлтусын Бархинова өзінің сөзінде бала тәрбиесіндегі аналардың рөлін қазіргі таңда ата-аналардың бала тәрбиесіне дұрыс мән бермеулері, телефон интернет сияқты құрылғылардың көп белең алуы жастар тәрбиесіне кері әсерін тигізіп жатқанына тоқталды. Жастар тәрбиесіне әсіресе арнаулы оқу орындарында педагогтардың, психологтар мен медицина қызметкерлерінің жоспарлы түрде кеңінен жұмыстар жүргізіліп жатқандығын айтып өтті.

Аудандық шекарашылардан әдейі кездесуге келген Арман Тұраров шекара өміріне, ондағы тәртіпке, әскери қызметке байланысты қызықты, әрі өмірге пайдалы әңгімелер айтып берді. Әрине қиындықтар да болып тұратындықтарын, әсіресе жаңадан шақырылған жастардың әскери тәртіпке шыдамай қашатындықтарын айта келе, олармен кең түрде тәрбие жұмыстарының жүргізіліп жатқандығын айтып, Жастар тарапынан қойылған сұрақтарға толық әрі мағыналы жауап берді.

Аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы жиналғандарға өзінің аталған қызметке жаңа тағайындалғанын айта келе, бүгінгі кездесудің маңызы зор екендігін, қазіргі кезде елімізде өскелең ұрпаққа тәрбие берудің бірінші кезекте тұрғанын, мемлекеттің қозғаушы күші жастар екендігін баяндай келе, бұл кездесу әлі де жалғасын табатынына сенім білдірді. Аудандық ішкі саясат бөлімінің әрқашан да ардагерлермен, «Асыл ана» қоғамдық ұйымымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істетуге дайын екендігін айтып өтті..

Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сағат. Ұлтаракұлы кездесуді қорытындылап, шекара бөлімінің басшылары мен сарбаздарға алғысын білдірді.

БАЛҚАШ

Жас ұрпаққа дұрыс бағыт-бағдар беру-тек отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Аудандағы қоғамдық ұйымдар өкілдерінің қатысуымен өткен «Жастар тәрбиесі-адамзаттың мәңгілік тақырыбы» бойынша өткен кездесуде өскелең ұрпақтың бойына елжандылық, отансүйгіштік қасиеттерді сіңіріп, олардың дұрыс азамат болып қалыптасуына жан-жақты мүмкіндік туғызудың қажеттілігі айтылды. Ауданда өткізілген кез-келген шараға жастарды шақырып, оларды кеңінен қоғамдық жұмысқа тартудың өзі бозбала мен бойжеткендерді жауапкершілікке, сөзіне берік болуға жетелейді. Өйткені, қоғам өзінің өркендеуін, тұрақтылығын, мәдениеті мен рухани құндылықтарының сақталуын жастар тәрбиесімен байланыстырады. Себебі, бүгінгі жас-ертеңгі көшбасшы, ата-ана, ұстаз, қоғам мүшесі. Кездесу барысында міне, осы мәселелер жастарға кеңінен түсіндірілді.

ҰЙҒЫР

Аудандық кітапхана орналасқан ғимараттың алдында аудандық ардагерлер ұйымының ұйымдастыруымен «Жастар тәрбиесі - адамзаттың мәңгілік тақырыбы» атты кездесу өтті.

Кездесуге аудан әкімінің орынбасары Е.Толымбекұлы, аудан әкімшілігінің Қорғаныс бөлімінің бөлім қызметкері Р.Абайбеков, бөлім инспекторы Ж.Үсербаева, Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасының офицері А.Абдильдаев, аудандық маслихаттың депутаты С.Ермухаметова, аудандық ардагерлер ұйымының алқа мүшелері, ауылдық округ әкімшіліктерінің жанындағы бастауыш ардагерлер, «Асыл ана», «Алатау жастары» ұйымдарының төрағалары қатысты. Кездесуді аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Е.Нұрсеитов ашып, жүргізіп отырды.

Кездесудің алғашқы сөзін алған аудан әкімінің орынбасары Е.Толымбекұлы Жастар тақырыбы мәңгілік екенін, аудан көлемінде атқарылып жатқан жұмыстарға тоқтала келе, кездесуге келген ата-аналарды, жастарды осындай шараларға көптеп қатысуға, жастардың бойына адал қасиеттерді дамытуда ата-ананың мәртебесінің жоғары екенін айта келе, аудан көлемінде әскери қызметте болып, өздерінің ата-анадан, мектептен, қоғамнан алған тәрбиелері мен білімінің арқасында жоғары оқу орындарына «СЕРТИФИКАТ» алған жастарды және аудан көлемінде 3-4 баласының әскери қызметте болуына жағдай жасаған ата-аналарды марапаттады. Кездесу барысында сөйлеген Қ.Мереймов, Н.Байсеркеева, Ж.Үсербаева, А.Абдильдаев, Р.Сартолова, С.Ермухаметова, С.Касымов, Г.Жұмағалиевалар бүгінгі шараның маңыздылығына, жастар тәрбиесі, отансүйгіштік пен азаматтық жауапкершілік тақырыптарында ойларымен бөлісті.

Ұрпақ және уақыт

ЖАСТАРҒА ҚАЖЕТІ – ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

Қонаев қалалық кітапханасында қалалық ардагерлер ұйымы «Жастар тәрбиесі – адамзаттың мәңгілік тақырыбы» атты ашық алаңда кездесу өткізді. Жиынға аймақтағы ардагерлер ұйымдарының төрағалары, қарулы күштерде қызмет атқарған ардагерлер, қалалық әскери комиссариат пен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері мен жастар қатысты.

Кездесу жастар тәрбиесі мен ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін белсенділік танытуға, Отан алдындағы борышын өтеуге деген белсенділігін артыруға негізделген мәселелерді талқылауға арналды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» идеясын жүзеге асырудың жолдары мен «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Алматы облыстық филиалының күн тәртібіне қойған жиынды қалалық ардагерлер ұйымының төрағасы Базарбай Оралбаев ашып, жүргізіп отырды.

Модератор тәуелсіз мемлекеттің болашағы жас ұрпақтың қолында екенін, балалар тәрбиесі, білімі, денсаулығы секілді проблемаларды бүкіл қоғам болып ынтымақта-

са шешу керектігін, осы бағытта ардагерлер кеңесі аналар кеңесі, әкелер кеңесі секілді ұйымдармен қоян-қолтық жұмыс істеп, жастар арасында еңбек, ізгілік, адамгершілік тәрбиесін насихаттау мақсатында түрлі іс-шаралар өткізіп жатқанын айтты.

Алғашқы болып сөз алған Алматы облыстық Ауған соғысы ардагерлер одағының төрағасы Қанат Молдабергенов: «Меніңше, жастардың бойына отаншылдық, адамгершілік, білімпаздық, нағыз маман болу, еңбекқорлық, ел мен жерге жанашырлық сияқты асыл қасиеттерді сіңіруіміз қажет. Аталған бағытта жастарымен идеологиялық және тәрбие жұмыстары жүргізіп, адал еңбек, отаншылдық, әлеуметтік жауапкершілік, патриотизмге бағытталған кешенді шараларды жоспарлы түрде іске асыру



Жалаң сөзден нақты іс артық

Жақында «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы облыстық филиалының нұсқау хатына сәйкес Ащыбұлақ ауылдық округінде орналасқан №78460 әскери бөлімшенің ашық алаңында «Жастар тәрбиесі - адамзаттың мәңгілік тақырыбы» атты ұрпақ тәрбиесіне қатысты еркін форматтағы кездесу болып өтті.

СЕРТИФИКАТ ТАПСЫРЫЛДЫ

Кездесуге Іле ауданы ардагерлер ұйымының төрағасы Әмзе Исаев, аудандық «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Бағдат Бисенбекқызы, әскери бөлімше командирі, полковник Александр Тимофеев, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, подполковник Бақытжан Сейітов, Іле ауданы әскерге шақыру және әскерден тыс жұмыс бөлімінің басшысы Жолдыбай Әлемхан, Қазақстан қарулы күштері ардагері Бораш Мақұлбаев, округтегі ауған соғыс ардагерлер ұйымының төрағасы Рашид Күншуақов және округ жастары мен әскери бөлімшенің сарбаздары қатысты.

Алғашқы сөз кезегін алған Әмзе-Алдибекұлы қатысушыларды іс-шараның өту тәртібімен және мақсат міндеттерімен таныстырып өтті. Өз сөзінде «жастар тәрбиесі дегеніміз – тек білім беру емес, ол адамгершілікке, патриоттыққа, еңбекке ұлттық құндылықтарға баулу. Елін жерін сүйетін, тілін құрметтейтін ата-анасын ардақтайтын ең құрметті үлкен байлығымыз» деді.

Келесі кезекте Ащыбұлақ ауылдық округі ардагерлер ұйымының төрағасы Даулетбай Жамалбековтың, ауылдық «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Жанар Орманбаеваның, «Алатау жастары» қоғамдық бірлестігі ауылдық филиалының төрағасы Мұхаметсұлтан Тамабектің, Бораш Қуандықұлының, Жолдыбай Әлемханның, Бақытжан Құрманұлының жасаған баяндамаларын талқылай келе және сөйлеушілердің ұсыныстарын ескере отырып нақты шешімдер қабылданды.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев «Еліміздің әрбір азаматы

жұртшылықтың алдына шыққанда ұлттық мүдде мен қазақстандық патриотизм қағидаттарын басшылық алу керек» деген болатын. Осыған байланысты кездесу барысында жас ұрпақтың бойына бала кезінен еңбекқорлықпен бірге отаншылдық, жігерлік, өжеттік қасиеттерді сіңірудің маңыздылығы айтылды. Мұндай қасиеттерді құры жалаң сөзбен емес, нақты іс-әрекеттер жасау, аға ұрпақтың, әсіресе майдангерлердің батырлығын дәріптеу жасаудың тиімділігі зор.

Ендеше, Отанымыздың тағдыры мен болашағы үшін жауапкершілікті өз мойнына алуға дайын, оған өзінің барлық білімі мен күш жігерін бағыттап алатын жастарды қалыптастыру қажет. Сонымен бірге қабілетті, дені сау, әрі жан-жақты дамыған ұрпақты, өз мақсатына жету жолында талмай ізденетін, еңбектенетін жігерлі жастарды тәрбиелеген дұрыс. Біз үшін өмірлік маңызы бар, басты мәселе жастарды тәрбиелеу екенін аға буын ұрпақ ешқашан естен шығармауымыз керек. Жиынның соңына қарай Әмзе Әлдибекұлы Отан алдындағы әскери борышын жоғары деңгейде өтеп келген жастарға жоғары оқу орындарына жеңілдікпен түсу сертификаттарын табыс етті. Ал батагөй қариямыз Құрманғали Абейбеков қатысушыларға ақ батасын жолдады. Кездесу соңында жиынға қатысушылар сарбаздардың тыныс-тіршілігімен танысты.

Д.ЖАМАЛБЕКОВ,
Ащыбұлақ ауылдық округі ардагерлер ұйымының төрағасы.
Іле ауданы.

алда атқаратын іс-шараларымыздың басты міндетіне айналуы керек», деді.

Қонаев қалалық қорғаныс істері жөніндегі басқармасы бастығының міндетін уақытша атқарушы Манарбек Айтенов: «Жастардың Отан алдындағы жауапкершілігін сезіндіріп, әскерге баруға деген құлшыныстарын арттыру – басты міндетіміз. Өкініштісі, жастар



арасында Отан алдындағы борышын өтегісі келмейтіндер көп. Бұл жастар арасындағы масылдық психологияның бедеу алуына және сыбайлас жемқорлыққа бейім болу секілді дерттердің өршуіне әкеп соғып жатыр. Өкінішке қарай, әскери борышын өтеумен байланысты конституциялық міндетін орындаудан жалтару азаймай келеді. Көктемгі және күзгі әскерге шақыруды қамтамасыз етуді әкімдік пен әскери комиссариатқа артып қою қордаланған мәселені шеше алмайды», - деп кездесуге қатысушыларға әскери-патриоттық тәрбиені қалыптастыру, әскери-патриоттық тәрбие беру мәселелеріне жете назар аудару қажеттігін ескертті.

К 180-ти летию Абая

Первая жена Абая

Недавно в Центральном государственном музее в Алматы прошла выставка «Күмбірле қоныр домбыра» и мероприятия посвященные празднованию Дня домбыры. О чем мы подробно рассказали на страницах газеты «Алатау ардагері» от 11 июля. На той выставке мы посмотрели целую коллекцию домбр и о каждой из них хотелось написать подробнее. Нас, например, заинтересовала домбыра первой жены Абая Конамбаева – Дильды. Тем более есть информационный повод. В августе мы отмечаем 180-ти летие со дня рождения великого казахского поэта, философа и просветителя Абая Кунанбаева..



это разрешалось) – Дильда, Айгерим, которую он называл «Луноликой красавицей» и Еркежан ставшая, по закону аменгерства, женой после смерти его брата Оспана .

Их брак заключен по договоренности между семьями, когда Абаю было лишь 15 лет. Дильда также была из знатной династии: приходилась внучкой бия аргынского рода Алшынбая, потомка одного из трех великих

На снимке:
Руководитель отдела по хранению фондов ЦГМ РК Маржан Жунусова демонстрирует домбыру

Руководитель отдела по хранению фондов Центрального государственного музея РК Маржан Жунусова рассказала, что в музей домбыра попала в 1978 году, от правнучки старшего брата Абая, Исхака. Инструмент прекрасно сохранился, имеет изящную, каплевидную форму, красиво инкрустирован костью, а деревянный футляр обит бархатом. Это говорит о знатном мастере тех лет и, видимо, индивидуальном характере заказа - «для девушки». И еще мы заметили, что домбыра Дильды единственная со специальной зеркальной подложкой, как пояснили работники музея, для улучшения восприятия выставленного на витрине уникального предмета 19 века.

Кто же такая Дильда Алшанбайқызы? Это первая жена великого мыслителя Абая Кунанбаева. Всего их у него было три (тогда

лығының төрағасы Рисаят Нуранова, Алматы облыстық ішкі істер ардагерлер ұйымы төрағасының орынбасары Қалижан Алпысбаев, қалалық ардагерлер ұйымының мүшелері Зинаида Корниенко мен Орынбай Тойлыбеков, «Алатау жастары» қалалық жастар ұйымының төрағасы Мұхаммед Хамит заман ағымының жастар санасына әсері туралы түрлі бағытта пікір таластырды. Ұлттың болашағы мен ұрпақ тәрбиесін сөз еткен олар мектеп пен балабақшаларда, жеке отбасыларында ұлттың қадір-қа-

сиетін дәріптеп, ұлттық тәрбиенің бастауы боларлық негіздемелерді анықтап отыру керектігін айтты. Кездесуге қатысқандар бұл мақсаттарға қол жеткізу үшін мектептерде, колледждерде патриоттық тәрбиені кеңінен насихаттау, жастардың сезімі мен танымында патриоттық құндылықтарды, көзқарас пен сенімді ұялату, елінің тарихына, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына құрмет көрсетуге тәрбиелеу, жастар арасында отанына адалдықты және өз мемлекетін қорғауға дайындықты нығайту жөніндегі ұсыныстарымен бөлісті.

Зарыққан ӘБІЛҚАСЫМҰЛЫ,
Қонаев қаласы

тус владелицы. По преданию, ее подарил сам Абай или же его отец – Кунанбай, когда она выходила замуж. Дильда похоронена в местности Аралтобе, в нынешней Абайской области .

Как пишут СМИ в литературно – мемориальном музее Абая в Семее широко представлены экспонаты, связанные с творчеством поэта, включая материалы, отражающие бытовую, этнографическую жизнь казахского народа. Но конкретных сведений о Дильде, как первой супруги Абая, в экспозиции музея тоже немного. Историки связывают это с природной скромностью и воспитанием. Дильда была тихой опорой в жизни Абая. Возможно, не музой в привычном смысле, (Айгерим он, например, посвящал пламенные стихи) но его семейной поддержкой, матерью его детей, хранильницей традиций. Ее образ достоин уважения также, как и философия самого Абая. Словом, если вы хотите прикоснуться к истории великих людей, таких как наш Абай, и его спутниц жизни,

Домбыра Дильды Алшанбайқызы
фото представлено КР МОМ КП 15294



добро пожаловать в центральный государственный музей в Алматы, в микрорайоне Самал. Выставка музыкальных инструментов, среди которых описанная выше домбра, еще продолжается.

Рамазан ЕЛЕШЕВ
г. Алматы.

Кәсіпкер

Кеген ауданындағы «Шолпан» ресурстық орталығы қоғамдық қорының директоры, «Денсаулық зор байлық» мүгедектер қоғамдық бірлестігінің басшысы Жанбабаева Шолпан Ілікқызы туралы айтпақпыз.

Кәсібі нәсібі болған



Ол Кеген ауданы, Кеген ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын 1988 жылдан бастап Кеген ауданының «Қызылту» совхозында клуб меңгеруші болып бастаған. 1991 жылы кәсіпкерлік қызметпен айналысты. Оның басшылығымен Кеген ауылында орналасқан «Сарытау» кафесі жұмыс істейді.

2006 жылдан бастап «Шолпан» ресурстық орталығы қоғамдық қорының директоры.

2016 жылдан бастап «Денсаулық зор байлық» мүгедектер қоғамдық бірлестігінің басшысы. «Денсаулық зор байлық» мүгедектер қоғамдық бірлестігі жанында үш орындық мүгедек балаларға арналған күндізгі болу орталықтары жұмыс істейді. Кеген ауданының Кеген ауылында 25 орындық, Шелек ауылында 40 орындық, Қызылжар ауылында Еңбекшіқазақ ауданында 40 орындық. 60-қа жуық адамды жұмыспен қамтыған.

Бірнеше рет Алматы облысы әкімінің дипломдарымен марапатталды, Облыстың ішкі саясат басқармасы басшыларынан грамоталар мен алғыс хаттар алды. Бірнеше рет ауданның «Жылдың үздік кәсіпкері» номинациясына ие болды.

Шолпан Ілікқызы ауданның қоғамдық іс-шарасына белсене араласып, қолынан келгенше демеушілік танытып отырады. Кеген ауданының аз қамтылған отбасылары мен мүмкіндігі шектеулі жандарға жыл сайын өз есебінен көмек көрсетіп келеді, тағы басқа көмекке мұқтаж жандарға қаржылай көмегін аяған емес.

Өз тілшімізден.

Жанында жүр жақсы адам

ӨМІРІ-ҮЛГІ

Өмір адамға бір-ақ рет беріледі, оны қызықты, мағыналы өткізу – әркімнің өз қолында. Сондықтан уысымыздағы бақыттан ажырамас үшін қиындықпен күресуден, сәттілік үшін сынға түсуден шаршамауымыз керек. Біз көбінесе жұлдызы жанған жандарға тамсанудан шаршамаймыз. «Қандай бақытты жан, жолы болғыш. Ондай болу қайда?» дейміз үнемі. Бірақ соларға қарап еңбектенуді, алға ұмтылуды тіпті ойламаймыз да. Бір адамның жеткен жетістігіне өзіміздің де жете алатынымыз қаперімізге кірмейді. Ол бағындырған биікке талаптансаңыз, сіз де жете аласыз. Ең бастысы, ынта болсын.

Қазақ қашан да қыз баланы ерекше қадірлеген. Басқа ошақтың түтінін түтететін, шырағын жағатын, оларды қонақ тұтып, төрден орын берген. Ақын мен батырды да, әнші мен күйшіні де, би мен шешенді де өмірге әкелген ардақты Ана. Сол себепті небір мықты да, алып та ананың алдында бас иген. «Ұл-тыңды тәрбиелеймін десең, қызыңды тәрбиеле!» деген даналық сөздің мәні тым тереңде жатыр. Ел мақтанышы, даңқты батыр Бауыржан Момышұлының: «Жер бетіндегі ең батыр адам, ол – қыз. Мен қанша батыр болсам да бөтен, танымайтын елде бір сағат та тұрғым келмей қашамын. Ал, қыз болса барған жерінде жалғыз өзі өмірінде көрмеген, танымайтын адамдармен тіл табысып, сол елді біріктіре, сыйлата да алады» деген сөзі Шайымхан Исаеваға арнап айтылғандай.

Олай болса Алматы облысында туылып, Шымкентке келін болған Шайымханның өмір жолына үңілейік. Ол 1953 жылы 29 қазанда Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қарасу ауылында дүниеге келген. 1960 жылы сол жердегі мектепке барады. Бала кезінен бастап еңбекқорлыққа, шыдамдылыққа бой үйретіп, сабырлы, ибалы, инабатты болып бойжетті. Еңбектің наны тәтті екенін осы кезде шындап ұғынды. Мектеп қабырғасында жүргенде көшбасшылық, ұйымдастырушылық қабілеттерімен көзге түсіп, үздік оқушылардың қатарында болды. 1968 жылы сегізінші сыныптан кейін Жамбыл қаласындағы



мәдени-ағарту училищесіне түсіп, 1970 жылы бітіреді де, Ұзынағаштағы мәдениет үйінде автоклуб меңгерушісі болып істейді. 1971 жылы Қыздар педагогикалық институтына түсіп, «Музыка пәні мұғалімі» болып шығып, зейнеткерлікке шыққанша ұстаздық қызметте болады. Студент кезінде шымкенттік жігітпен танысып, оңтүстікке келін болады. Арман-мақсаттары бір арнаға тоғысқан екі жас ізденуден танбай еңбек етті. Дүниеге бес бала келді. Өке, ана атты ұлағатты атаулардың

жауапкершілігін сезіндіріп, өмірлерін мәнді де сәнді қылды. Өмірдің ыстық-суығын қатар көріп, ұлын ұлықты, қыздарын қылықты етіп өсірген Шайымхан әже кез-келген мәселелерді байсалдылықпен, тиянақты етіп шешетін, жаны жомарт жанмен жолықтырған Алла тағалаға сансыз шүкіршілік етеді. Жетістік пен кемшілік, қуаныш пен қайғыны қатар бөліскен олардың өмір жолы көпке үлгі. Екі жарты, бір бүтін болып ғұмыр кешкен олар, тіпті, туыстарын да ешқашан «сенікі», «менікі» деп бөлген емес. «Қонақ келсе күт келеді» демекші, үйлеріне келген қонақ рухани, мәдени байып қайтады. Сондықтан да туған-туыс, жора-жолдастарының ортасында беделді, сыйлы.

Қазір Алматы облысының Жамбыл ауданында тұратын бұл отбасы облыстық «Өнерлі отбасы» байқауынан I-орын, Шайымханның өзі «Жыл мұғалімі» байқауынан I-орын алған. Өнерге тәрбиелеген шәкірттері аудандық, облыстық байқауларда үнемі жүлделі орындарды алып жүрді. Шайымхан-20 жылдан бері жұмысымен қатар, Ұзынағаштағы «Күміс Пармашқызы атындағы әжелер Халық ансамблінің» белді мүшесі. Ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, ұжыммен жақсы жұмыс істейді. Сабырлы, парасатты, жұмыс кезінде өзін өте мәдениетті ұстайды. Домбыра, баян, гитара, т.б. аспаптарда ойнайтын, әдемі дауыспен ән салатын шебер өнер адамы.

Шайымхан - Жамбыл ауданының «Құрметті азаматы», «ҚР білім беру ісінің үздігі», «Еңбек ардагері», «Ардақты ұстаз» медальдарының иегері, Қазақстанның «Алтын кітабына» енген.

Барлық қажыр-қайратын еліміздің ертеңіне арнаған Шайымхан Исаеваға мықты денсаулық, қажымас қайрат, қазақ қыздарын, жігерлі жастарды тәрбиелеу ісіне үлес қосып жүре беруін тілейміз.

Күміс ПАРМАШҚЫЗЫ,
мәдениет қайраткері,
Жамбыл ауданының
Құрметті азаматы.

Ұлы Жеңіске-80 жыл!

ӨНЕГЕЛІ ҚАРТ

Халық даналығында: «Кәріліктің үш түрі бар: «жайсаң кәрілік», «жалтан көз кәрілік», «жексұрын кәрілік» деген сөз бар. Міне, осы кәріліктің үш түрінің ішінен «жайсаң кәрілікті» таңдап алып, ғұмырын мәнді де мағыналы өткізіп, айналасына қанша көзі жұмылғанша ізгілік пен шапағат нұрын шашып өтетін жандар аз емес. Сондай жандардың бірі-Талғар топырағында ұзақ жыл еңбек етіп, жас ұрпақ тәрбиесіне зор үлесін қосқан, бүгінгі күндері сексеннің «сеңгіріне» жетіп отырған Нұрбай Бөрібайұлы ақсақал.

Дүниені дүр сілкіндірген Ұлы Қазан төңкерісінен үш жыл кейін жарық дүниеге келген Нұрбайдың туған жері Нарынқол (қазіргі Райымбек) ауданындағы Қайнар ауылы еді. Әкесі Бөрібай өмірі қолынан қайыс жүгені мен қамшысы түспеген «қаратабан» колхозшы еді де, анасы Рахима он төре құрсақ көтерген жан болатын. Сүйегі асыл әкесі 100-ге жетіп дүниеден өтсе, әжесі Дария мен Рахима да сексеннің үстіне келіп қайтыс болды. «Алып – анадан, ат – биеден» деп халық тұжырымдағандай, сол ата-ананың перзенті Нұрбай ақсақал да сексен жастың үстіне шықса да әлі тың, жүрісі ширақ, көзі қырағы. Соның бәрі ата-ананың ыстық қанынан тараған асыл қасиеттер деп біледі «абыз» қарт.

Ұлы Отан соғысы басталғанда Нұрбай Қиыр Шығыстағы Амур өзені бойындағы әсем қала Благовещенскіде әскери қызметте еді. Сол кезде Жапония басып алған Қытайдың ескі қаласы Харбин бұлар тұрған қаладан тай шаптырым ғана жерде еді. Жапония сол кезде Германияның одақтасы еді де, Нұрбай қызмет ететін Қызыл Тулы №2 Қиыр Шығыс дивизиясы 1942 жылдың сәуір айына дейін шекарада тұрды. Ол қанды майдан ұрысқа сол жылдың маусым айында «Курск доғасы» деп аталатын аймақта түсті. Ұзын бойлы, жауырына қапқақтай, ерегіссе «қатан түйені» алып ұратындай күші бар Нұрбай ротадағы «Максим» пулеметінің атқышы еді. Жан алып,

жан беріскен осы Курск маңындағы қоршауда күн-түні демей ұрысқан Кеңес әскерлері күн сайын жүздеген сарбаздарынан айрылып жатты. Ауыр пулеметті ұршықша үйірген қазақ бозбаласы ажалдың қай жағынан келетінін білмейтін де еді. Тек намыс пен жауға деген кек жүрегін кернеген ол ажал оғын себуді ғана білетін. Ақыры, қара құрым жауды нысанаға алып, оқ боратып жатқанда жанына түскен жау снарядының екпінін ғана білді. Сонан арғысы есінде жоқ. Есін



дала госпиталында жиған ол жамбасын снаряд жарықшаға жаралап кеткенін көрді.

Нұрбай госпиталдан шыққанда оның дивизиясы әлдеқашан төрт бөлікке бөлініп, басқа құрамаларға қосылып кеткен болатын. Жас жауынгер III-Украин майданының №106 атқыштар бригадасында БТР-ды, яғни танк ататын жаңа қаруды қайта ұстады.

Бұл кезде ұрыс Орлов-Курск бағытында жүріп жатқан болатын. Бұларды ұзын жолдың бойындағы үлкен «Борько» селосының түбіндегі стратегиялық маңызы зор алғы шепке әкелген еді. Әрбір сүйем жер үшін қым-қиғаш, қанды қырғын жүріп жатты. Өлі екпіні басылмаған әуеде де, жерде де үстемдік етіп алған немістер күн сайын әлденеше ұмтылып, әлденеше шегінетін. Олар ашулы қасқырлар секілді долы да ызалы еді. Ал, бұларға қайтсе де шегінбеу бұйырылатын.

Ақыры, бұларға биік дөң үстіндегі селоны алу тапсырылды. Алдымен артта тұрған зеңбіректер төмпештеп алды да, олар саябырлай бергенде Нұрбай бастаған топ «уралап» алға ұмтылды. Немістер де оқты себелеп, алдына жиырма шақты танкті салып, шабуылға шықты. Қасындағы отыз шақты жауынгерлермен бөлініп қалғанын кеш сезген Нұрбайлар қорғанысқа



көшті. Ауыр «қандауырын» құрып алған ол неміс танкілерін нысанаға ала бастады. Міне, түтіні будақтап, бұларды таптап өтердей өршелене ұмтылған шынжыр табан танк жақындап келіп қалған. Жаратылысында сабырлы нар жігіт оның оң жақ бүйіріне бронь тесетін оқты жіберді де, іле-шала соңынан жанғыш снарядты қоса атты. Қатар тиген екі октан лап еткен танк, өзі бауырын «арс» етіп қауып түскен қасқырша шыр айналды.

Бұл Нұрбайдың алғаш ерлік көрсеткен сәті еді. Оның қолынан сол күні 3 танк түтіні будақтап жанып жатты. Сондарынан жаңа күш келіп қосылғанда, майдан даласында Нұрбайдың көп қанды көйлек достары қыршындарынан қиылып, мерт болған еді. Аяғы мен оң жақ санынан жараланған ол сол тозақ отынан қалай аман қалғанын білген жоқ. Міне, осы ұрыстағы ерлігі үшін командование оны «Қызыл жұлдыз» орденімен марапаттап, КПСС мүшелігіне қабылдаған болатын.

Қазақтың батыр ұлдарының бірі Бауыржан Момышұлы: «Ерлік дегеніміз – жігер мен ақылдың, қайсар сезімнің ұласуы. Ерлік-туа бітпейтін қасиет. Мінез-құлықты шыңдап, ширығу арасында қалыптасатын қасиет. Шеберлік, тапқыр-

лық жоқ жерде – өжеттік те жарым-жан» деп ой түйгендей, ары мен намысын қашан да биік ұстайтын Нұрбай бүкіл Европа жерін керзі етігімен аралап өтіп, Румыния, Чехословакия, Австрия жеріне дейін барды. Зұлым дұшпанды өз «үңгірінде» жаныштады. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» демекші, үш рет жараланғаны болмаса, аман-сау туған жерге оралды. Кеудесінде «Қызыл жұлдыз», «II-дәрежелі Ұлы Отан соғысы» ордені мен қаздай тізілген медальдары сыңғырлаған жас жауынгерді туған жері құшақ жая қарсы алғанды. Келе ағартушылық жұмысқа араласты. Туған жері Нарынқол жеріндегі Алғабас бастауыш мектебінде оқытушы, Текес 7-жылдық мектебінде, онан соң Шилі Кемер ауылындағы мектепте директорлық қызмет атқарды. 1954 жылы Талғар ауданындағы Ф.Энгельс атындағы мектепке басшылық етті. Жігерлі ұстаз Талғар ішкі істер бөліміндегі жасөспірімдер жұмыс жөніндегі бөлімде сүбелі үлесін қоса білді. Бұл күндері Нұрбай Бөрібайұлы-80 жыл ғұмыр кешіп, тоғыз баланы тәрбиелеп өсірген абзал әке. Ұзақ жасаған қарияның кейінгі толқын жас буынға айтары көп әлі.

Серік БӨРІБАЙҰЛЫ.

Ұлттық менталитет

ЭҢГІМЕ ОРАМАЛ ЖӨНІНДЕ...

Жуық арада «Тик-токтан» бір бейнежазба көрген едім. Онда енесі келінінің ас пісіруін қадағалап жүргені бейнеленген. Айтайын дегенім ол емес. Көңіліме сыймағаны енесінің жалаң бас, ал келінінің жаулықпен жүргені. «Кім кімнен үлгі алу керек еді?» деген сұрақ көкейде қалды. Көкейде қалғаны соншалық, мені бірнеше сауалдарға жауап іздеттіріп қойғандай.

Сонда қалай болғаны? Шаштары ағарып, ақ күмістей жалтырағаннан ұялып, оны ылғи бояумен әлек болатын, алпыстан асқан зейнет жасындағы апалар неге орамал тақпайды? Неліктен келін болып түскенде орамал тағамыз, егер ол орамал тағылмай, әр жерде жатса? Біздің менталитетімізде ежелден ақ орамал «қасиетті» бұйым саналғаны қайда? Ақ басты аналарымыз үлгі көрсетіп, тақпаса, қалай келіндерімізге «орамал тақ» деп айтамыз? Осы сауалдар мені мазалады. Егер әйел адам мемлекеттік қызметкер немесе белгілі көпшілік орында жұмыс істесе, онда дау жоқ, орамалмен жүруге болмас. Ал басқа әйелдерге орамал тағуға кейбір жұмыс орындарында мүмкіндік бар ғой. Одан бөлек, үйде отырғандар орамал тағып жүруге болады ғой.

Орамалдың пайдасы өте көп, маңызды. Өз басым келін болып түскелі мүмкіндік болса, үйде орамал тағып жүремін.Маған кейбір құрбылар мен таныстар «Неге орамал тағасын? Шашыңды бояп, әп-әдемі болып жүрмейсің бе?» дегендей, түрлі ескертулер жасайды. Жарайды, жастардан қалмай шашты боядық. Шашыңды бояп, сәнденіп жүзінді жасырғаныңмен келген жасыңды жасыра алмайсың ғой. Бет жүзіндегі әрбір белгі мен әжімді мың бояп жасыра да алмайсың. Әйел егер қызметкер, болмаса мектепте, тағы басқа қоғамдық орында қызмет атқаратын болса, халықпен жұмыс істейтін болғандықтан әрине боянып, сыпайы киініп жүргені жақсы. Ал зейнеткер болса, орамалдың түр – түрін әр көйлегіне үйлесімді тағып, жасыңа лайық ұзын етек көйлек киіп жүрсе болар ау.

Орамалдың үкімі сақалдың үкімінен жоғары. Парыз. Егер бір әйел кісі орамал тақса, оның иманының көтерілгенін байкатады. Қазір біреуге намаз оқытудың өзі қиын. Намаз оқуы мүмкін, бірақ көбі орамал тақпайды. Ал енді намазды оқып қана қоймай, орамал тақса, оның иманы күшейе түседі.

Орамал таққан әйелге қайыр бар. Әйеліне орамал таққызған еркек әйеліне шын мәнісінде жаны ашитын, әйелін қызғанатын еркек деп есептеледі. Өйткені жәннатқа әйелін қызғанбаған еркек кірмейді делінген. Орамал таққызғаның - оны қызғанғандығың! Оған немқұрайды қарамағандығың! Әйел – сенің абыройың, оның сұлулығы - сенің жеке меншігің, ол - сен көріп, ләззат алатын жарың. Сондықтан оның сұлулығына бөтен біреудің көзі түспесін!

Ең әуелі хижابتың парыздығынан бұрын хижаб пен орамалдың парқын ажыратып алған жөн сияқты. «Хиджаб» – арабша сөз. Оның негізгі түбірі «хажэбә», яғни қазақшасы жа-

сыру, жабу, жамылғыш деген мағыналарды береді. Хиджабты қазақша орамал деп те атайды. Хиджаб пен орамалдың негізгі ұғымы бір. Әйелдердің басын орамалмен жауып, әурет жерлерін бөгде адамдардан жасырып ұзын киім киноі – Алла Тағаланың бұйрығы. Дінімізде әйелдердің беті, екі қолы (білезігіне дейін) мен екі аяғынан (тобығына дейін) басқа жерлері ұятты болып есептеледі. Сондықтан да, барлық әйел баласы ұятты саналған әуретті жерлерін киімімен жауып, бөгде ер кісілерге көрсетпей жүрудің шаріғаттағы үкімі – парыз. Оның парыздығына Қасиетті Құранның «Нұр» сүресіндегі 31-аят дәлел. Онда: «Мүмін әйелдерге айт, өздеріне харам етілген нәрселерге қарамасын, ұятты жерлерін зинадан, күнә атаулыдан қорғасын, мәжбүр көрінген жерлерінен (бет, екі қол, тобықтан төмен екі аяқ) тыс әдеміліктерін көрсетпесін. Орамалдарын жағаларын да (яғни, мойын, көкіректері ашық қалмасын) жабатындай етіп тақсын...»), – делінген. Ал ата-бабаларымыз «ғұрпымызда орамал тағу жоқ» деп, Құран қағидасына қарсы шықпаған. Керісінше, оны ғұрпымен сабақтастырып, ою-өрнегімен көркемдеп, өзінің төл киім үлгісіне айналдыра білген. Әйелдің толық оранып жүруі физиологиялық тұрғыдан да пайдалы. Медицина ғылымдарының докторы Қарлығаш Тоғызбаеваның зерттеуіне қарағанда, ашық-шашық жүрген әйел өзіне қажет емес артық қуат жинайды да, еркектерге тән гистостерон гормоны пайда болып, ағзаның гормональды бұзылуына соқтырады, нәтижесінде катерлі ісік, т.б. ауруларға жол ашады екен.

Медицина ғылымының докторы Ерболат Дәленовтің зерттеуі бойынша: жаздың күні жалаңбас жүріп, күнге қатты күйіп, ыстық өткен адам катерлі тері ауруларына тез шалдығады екен. Және жас қыздарымыздың 16-32 пайызында жұмыртқа бездерінің ақауы пайда болған. Бұны медицина тілінде «киста» дейді. Жұмыртқа бездерінің ішінде дистрофиялық процестің түзілуі. Бұл – келешек те бедеулікке ұрындырады деген сөз. Бұл дерт – қыздарымыздың кіндігін ашып тастап, арқа- белін жалаңаштап, салқын күндері басын ашық ұстаудан пайда болады екен. Бұлай жалаңаштану қыздарымызды келешекте жаппай бедеулігіне апаратын түрі бар.

Гинеколог мамандар «жастайынан ашық-шашық жүрген әйел көпбала табуға қауқарсыз» дегенді айтып жатыр. Баяғыдағы оншақты құрсақ көтеретін аналарымыз бүгін неге жоқ? Мәселе, осы жалаңаштануда жатқан сияқты. Қазіргі таңда кіндікті ашу, ышқыры төмен шалбар мен қысқа жейде (топик) кино, қысқа тобыққа дейінгі шұлық қыздардың сәніне айналды. Чукро-

ва университеті, медицина факультеті, урология бөлімінің профессоры, әйгілі түрік дәрігері Синан Зереннің айтуынша, мұндай киімдер адамның ішкі ағзалары – бүйрек, бауыр, зәр жолдарының сырқаттануына және әйелдердің гинекологиялық әртүрлі ауруларға шалдығуына апарып соғады. Сондай-ақ, түрік ғалымы мұндай келеңсіздіктердің жастар арасында сағат санап өсіп бара жатқандығын, оны жедел уақыт ішінде ауыздықтау керек екендігін алға тартады.

Біздің ата-бабаларымыз жалаңаш әйелден



кететін қатерді жақсы білген. Әрі шаріғат үкіміне сай дәстүр қалыптастырған. «Орамал тартқан әйелде қайыр бар», дейді қазақ. Қазіргі кезде қыз-келіншектер тамақ даярлайды, орамал тақпайды. Шаштары тамақтың, тәттілердің арасынан шығуда. Бұл дегеніміз бір жағынан жеке тазалықты сақтамау болса, екінші жағынан адамды жиіркендіретін іске апарады. Қыз-келіншектеріміз осыларды оқып, шешім шығарар деген үміттеміз.

Кешегі ата-әжелеріміз ақ жаулықты құрметтеді. Әдебін сақтады. Ұлттық болмысын ұмытпады. Орамалды қыз-келіншек отбасылы адам екенін аңғартады. Ана екенін, адал ниетпен аттаған шаңырағы бар екенін білдіреді. Осыдан оның қадір-қасиетін ұғуға болады. Алайда, орамал сәннен қалған емес. Ол – өміршең аксессуар. Кез келген киіммен үйлесімді. Сәндеп тағудың түр-түрі бар қазір. Қазақ әйелі қашан да орамалсыз жүрмейді. Игі дәстүрді отбасына қалыптастырған жандар да бар. Бұрынғыдай емес, бүгінде орамал тағу үрдісі дамып келетіні куантады. Әлеуметтік желілерде сәнді тағуды үйрететін паракшалар мен видеолар көбеюде. Ежелгі шығыс, араб стилімен ұштастырып, заманауи үлгіде тағылатын түрлері көп. Қалауына қарай үлгісін аласың. Біріншіден, жалаңбас жүргенше орамалмен жинақы көрінесіз. Екіншіден, орамал – әрбір келіншек пен әйелдің ары мен сәні. Орамал тағудың өзіндік ұстанымы бар. Ақ түсті орамал қуанышты, жақсылықты білдірсе, қара түс қасіретті байқатқан. Ең бастысы, ора-

мал сыйлық, жол тарту ретінде маңызды рөл атқарады. «Орамал тонға жарамаса да, жолға жарайды», «Орамал тон болмайды, жол болады» деген орамды сөз содан қалыптасқан.

Орамал – ана екенінді, біреудің Құдай қосқан жары екенінді, ақ-адал ниетпен аттаған шаңырағың бар екенін білдіретін белгі. «Әйел орамал тақпаса арын ұмытады, күйеуінің барын ұмытады, шашы тамаққа түседі, үйіне келген қонақтың назары түседі» деген сөз бар. Шыңдығында әйел адамның жалаңбас жүруі көзге қораш көрінеді. Медицина саласы да орамалдың әйел адамға пайдалы екенін айтады. Мамандардың мәлімдеуінше, нәзік жандылар жерден қуат

алады. Содан болса керек, әйелдің шашы магнит тәрізді. Ауадағы шаң-тозанды жинайды.

Жалпы, қазақта орамалдың қадірін ұқтыратын әдет-ғұрып пен жөн-жоралғы көп. Ырымдардың бірі ретінде араша үшін ортаға орамал тастау ишарасын айтуға болады. Бұл көбіне қыз, жесір дауы орын алып, екі рулы елдің арасы бүлінуге шақ қалған кездерде болған. Бұдан бөлек, басқа да келеңсіз жағдайлардың кесірінен туындаған ағайын арасындағы тар-тыс кезінде, тіпті, бүкіл ел өміріне зардабын тигізетін оқиғалар барысында беделі жоғары, сыйлы аналар қостарапты арашалап, бейбіт келісімге, мәмілеге келуге шақыру мақсатында орамалын ортаға лақтырған. Ал, ананы сыйлайтын, ақ жаулықтың қасиетін бағалайтын ер азаматтар оны аттап өтуді ар санап, оның киесінен қорқып, қара күшке емес, сөзге жүгініп, келісімге келген. Оған қоса, қыз баланы келісімсіз алып қашқан кезде де осы ғұрыпты көп аналарымыз пайдаланған.

Орамал тағу тек қазақ әйеліне тән үрдіс емес. Түркі тілдес халықтар да орамалды қастерлеп, пайдалана білген. Демек, жаулықтан үркуге, тосырқауға негіз жоқ. Ол – өміршең. Ол – қайталанбас дүние. Қай кезде де құндылығын жоғалтпайды. Қысқасы, ақ жаулық жамылған аналарымыз бен орамал таққан келіндеріміз азаймасын.

Нұрпия БАЙСЕРКЕЕВА,
Ұйғыр аудандық «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы.

Спорт

ПАНКРАТИОННАН ӨТКЕН ТУРНИР

Қонаев қаласында көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Қонаевты еске алуға арналған панкратионнан төртінші республикалық турнир «Спорт есірткіге, терроризмге және лудоманияға қарсы» ұранымен жалауын көтерді. Сайысқа Шығыс Қазақстан, Алматы, Жетісу облыстарынан, Алматы және Қонаев қалаларынан бес санат бойынша 8-17 жас аралығындағы спортшылар бақ сынады.

«Бүгінгі республикалық турнирде жарысқа қатысушылардың лайықты өнер көрсетуін, төрешілердің әділ саралауын, ал көрермендердің қызықты және тартысты ойын тамашалауын тілеймін», – деді турнирдің ашылу салтанатында спортшыларға ақжол тілеген Қонаев қаласының әкімі Асхат Бердіханов.

Жекпе-жек екі раундта өтті. 13 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдер үшін 3 минут, жасөспірімдер үшін 4 минут берілді. Жарыс өте тартысты әрі әсерлі өтті. Турнир қорытындысы бойынша жалпы командалық есепте 1-орын Қонаев қаласына, 2-орын алматылықтарға, 3-орын Талғар ауданының спортшыларына бұйырды.

Өз тілшімізден.



Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

А вирусты гепатитінің алдын алу

А гепатиті-бұл жедел жұқпалы ауру, басқаша айтқанда, бауыр мен өт шығару жүйесінің зақымдануымен жүретін және вирус тудыратын Боткин ауруы «А» гепатитімен барлық жастағы адамдар ауырады, бірақ көбінесе – балалар, жасөспірімдер. Байланыс және тұрмыстық жолмен беріледі.

Аурудың қоздырғышы-пикорнавирустар тұқымдасына жататын А гепатиті вирусы. Ауру адам инфекция көзі болады. Гепатит А инкубациялық кезеңі 2-6 апта аралығында болады.

Вирус ағзаға келесі жолдармен енуі мүмкін: сумен - инфекция жұқтырған ауыз суды тұтыну және жұқтырған суға шомылу кезінде мүмкін; тамақпен - салаттар, көкжелек, жемістер және т.б. жеу нәтижесінде; ауру адамдармен тығыз байланыста болған кезде, жұқтырған ыдыс-аяқ, ойыншықтар, тұрмыстық заттар арқылы. Аурудың белгілері: науқаста тәбет нашарлайды, оң жақ гипохондрида ауырсыну, жүрек айну, жиі құсу пайда болады, нәжіс түссізденеді, зәр қараяды, терінің және шырышты қабаттардың сарғаюы пайда болады, бауыр үлкейеді.

«А»вирусты гепатитінің алдын алу шаралары: - Вакцинация гепатит А вирусынан қорғандық ең тиімді әдістерінің бірі болып табылады. Вакцина инъекция түрінде қол жетімді және вируспен жұқпау үшін ұзақ уақытқа қорғайды.

-көшеден үйге оралғаннан кейін, тамақтанар алдында және дәретханаға барғаннан кейін қолыңызды сабынмен мұқият жуыңыз; -кездейсоқ су көздерінен және «краннан» су ішпеңіз, тек қайнатылған су ішіңіз; - қолданар алдында көкөністерді, жемістерді, жидектерді мұқият жуыңыз; -кездейсоқ адамдардан немесе рұқсат етілмеген сауда орындарынан азық-түлік сатып алмаңыз; - үйде ыстық және суық тағамдарды дайындау кезінде гигиена ережелерін сақтаңыз, азық-түліктің, әсіресе тез бұзылатын тағамдардың жарамдылық мерзімі мен сақтау шарттарын сақтаңыз, шикі өнімдер мен дайын тағамдарды бөлек сақтаңыз; - шикі өнімдерді өңдеу үшін жеке пышақтар мен кесу тақталарын пайдаланыңыз; - тағамдарды мұқият қуырыңыз немесе пісіріңіз; - тез бұзылатын тағамдар мен дайын тағамды тек тоңазытқышта +2 +6°С температурада сақтаңыз.

Н. МЕДЕТОВ,
«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы

АЛАТАУ Ардагері Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады ҚҰРЫЛТАЙШЫ: «Ардагер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы облыстық филиалы Директор: Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ	БАС РЕДАКТОР: Роза Айдарбекова Тел.: 8 777 251 9310 ТІЛШІЛЕР: Алтынбай Сиқымбек Тел.: 8 705 965 3661 Рамазан Елешев Тел.: 8 747 706 1334	Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. «Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек. Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.	Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлiгi берілген. Газет «Алматы-Боашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 223-В. МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1. «Алатау ардагері» газеті басылымының бүгінгі санның таралымы – 3400 Тапсырыс №1601 Индексі – 65472.
---	---	--	--